

**Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Қызыләскер ауылдық округінің "Кзыласкерское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аумағында ірі қара малдың вирус диареясы ауруы бойынша шектеу іс-шараларын алып тастау туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Қызыләскер ауылдық округінің әкімінің 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 5-ш шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 2 қазанда № 4327 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Занының 35, 37 баптарына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Занының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес және "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Қызыләскер ауылдық округінің "Кзыласкерское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аумағында ірі қара малдың вирус диареясы ауруы бойынша шектеу іс-шараларын алып тастау туралы" Мамлют ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 7 қыркүйектегі №13-12/139 ұсынысы негізінде Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Қызыләскер ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Қызыләскер ауылдық округінің "Кзыласкерское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аумағында ірі қара малдың вирус диареясы ауруы бойынша шектеу іс-шаралары алып тасталсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Қызыләскер ауылдық округінің Қызыләскер ауылында "Кзыласкерское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аумағында ірі қара малдың вирус диареясы ауруы бойынша шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Қызыләскер ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 16 маусымдағы № 3-ш шешімінің күші жойылған деп танылсын (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне 2017 жылғы 30 маусымда жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4239 болып тіркелген).

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызыләскер ауылдық округінің әкімі*

*Б. Құрымбаев*